

УДК 377.6

Адасханова А.Б., Кенбаева Г.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада болашақ кәсіптік оқыту мамандарын даярлауда арнайы пәндерді оқытуда қазіргі педагогикалық технологияларды пайдаланудың негізгі жолдары қарастырылған. Дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда инновациялық технологиялардың тиімділігі көрсетілген. Оқу үрдісінде оқу белсенділігін арттырудың жолдары мен тәсілдерін, танымдық ізденімпаздық, танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: оқыту, жоғарғы оқу орындары, студент, инновациялық білім беру технологиясы, мультимедиялық құралдар, арнайы пәндер.

Кіріспе

Осы уақытта жоғары білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер, біріншіден, білім беруді халықаралық стандартты топтастыруға сәйкес келтіруге байланысты болып отыр. Екінші жағынан, білім беру жүйесін, және ең алдымен кәсіби білім беру жүйесін жетілдірудің бағытын анықтаушы маңызды фактор –мамандарды дайындауға қойылатын талаптарды өзгерту болып саналады. Бүгінгі күні жоғары кәсіби және әлеуметтік біліктілікке, жинақылыққа және ұйымдық өзгерістерге тез бейімделетін, интеграция-ланған кәсіпке ие және шығармашылық ойлайтын, стандартты емес тапсырмаларды шеше алатын, технологиялық өз білімдерін өздігінен толықтырып, жаңарта алатын мамандарға деген сұраныс өсе түсті. Осыған байланысты, мамандарды даярлау сапасын арттыру жолдарын іздестірудің қажеттілігі туындай бастайды [1].

Негізгі бөлім

Қазіргі сатыда кәсіби білім жүйесінің оқыту мазмұны мен технологиялары өзгерді. Осыған сәйкес, негізгі мақсаты ұстазды мәдениетті, білімді, қазіргі кәсіби-техникалық оқыту функцияларын орындай алатын, кәсіби білікті тұлға ретінде қалыптастыруды орындауға бағытталған, жоғары оқу орындарындағы болашақ кәсіби оқыту ұстаздарын даярлау мазмұнында да өзгерістер болуы қажет. Бұл, бір жағынан, жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру жолдарын, дәлірек айтқанда, болашақ кәсіби оқыту ұстаздарын даярлау құрылымы мен мазмұнын қайта қарауды талап етеді.

Бүгінгі күнде, кәсіби оқыту мекемелерінің оқу-тәрбие үдерісіне білім технологияларын енгізуге байланысты, педагогикалық кадрлардың жеткіліксіз дайындығы мен біліктілігінің проблемасы өршіді. Жоғары оқу орындарындағы негізгі бағыттардың бірі – болашақ кәсіби оқыту ұстаздарының жеке тұлғасын кәсіби және жеке дамытуға жағдай жасау, жеке-дара шығармашылығы мен кәсіби біліктілігін қалыптастыру екендігі айқындала түсті.

Оқыту үдерісіне бүгінгі білім технологияларын кең көлемде ендіру үшін оқу мекемесінің материалды-техникалық базасын жақсарту (интерактивті тақталарды, компьютерлерді, көрнекі құралдарды және т.б. алу), жеке педагогикалық технологияларды қолдану бойынша әдістемелік нұсқамаларды әзірлеу, және де өзіндік білімге арналған әдістемелік әдебиеттерді алу қажет болып саналады.

Мұғалімнің оқытудың заманға сай педагогикалық технологияларын қолдануы оқушының бойынан оқу үдерісінен алған мағлұматтарды тәжірибеде іске асыруға деген талпынысын тудырады. Адамның нәтижелі, шығармашылық ойлау қабілетіне сүйене отырып, белсенді оқу, оны алған ақпаратқа сын көзбен талдауға, оны жаңа мәліметтермен салыстыруға, олардың тиімділігіне көз жеткізуге және оларды қолдану шараларын анықтауға итермелейді. Қазіргі білім беру технологияларын пайдалану бойынша кәсіби оқыту ұстазының іс-әрекеті – инновациялық дамуды қамтамасыз етуге және кәсіби білім сапасын арттыруға бағытталған кәсіби-педагогикалық қызметтің кешенді интегративті түрі.

Білім туралы қазіргі ғылым оқу үдерісінде ең бастысы – әр оқушының бойынан жеке тұлғаны, оның белсенділігін дамытуды қамтамасыз ететін инновациялық педагогикалық технологияларды құру қажеттілігі туындаған кезеңге жақындады. Оқу жағдайларын білім алушы өз жұмысының жаңа нәтижелерін алуға ұмтылатындай етіп, және оларды практикалық әрекетте сәтті қолдана алатындай етіп құру керек [2].

ҚР «Ғылым туралы» Заңында инновациялық қызметке келесі анықтама берілген: «Инновациялық қызмет – нәтижелері экономикалық өсу мен бәсекелесу қабілеттілігі үшін пайдаланылатын өндірістің әртүрлі салалары мен қоғамның басқару саласында жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнімнің түрлерін енгізуге бағытталған қызмет».

Танымдық дербестіктің, яғни өз бетінше жұмыс істеудің жоғарғы деңгейі бола-шақ бакалавр, маман, магистранттың жеке тұлғасының негізгі ерекшелігі болуы керек. Арнайы пән мұғалімдері танымдық дербестікті дамытуға бағытталған студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру жән басқару әдістемесін әзірлеуі керек.

Бүгінгі күнде негізгі методикалық инновациялар интерактивті оқыту әдістерін қолданумен байланысты. Интерактивті әдістер өзара әрекеттестік принциптеріне, студенттердің белсенділігіне, топтық тәжірибеге және міндетті кері байланысқа негізделген. Студенттердың өзара әрекеттестігімен, ашықтығымен, олардың аргумент-терінің теңдігімен, өзара білім жинақтаумен, өзара бағалау және бақылау мүмкіндіктерімен сипатталатын біліми сұхбаттасу құрылады [3].

Тәжірибе көрсеткендей, мамандарды даярлаудың дәстүрлі жүйесі өзіне тән, ұзақ уақыт бойы басым болған ақпаратты-репродуктивті оқыту әдістеріне байланысты, жоғарыда аталған талаптардың орындалуын қамтамасыз етпейді. Бүгінгі заманға жағдайларға байланысты бұл оқыту әдістердің қолданылуына құқығы бар болғанымен, мамандарды даярлаудың сапасының өзгерген талаптарына жауап бермейді. Олардың педагогикалық мүмкіндіктері жақсы орындаушыларды дайындауға ғана негізделген. Олар шығармашылық және танымдық белсенділіктің жеткілікті дәрежеде қалыптасуын, өз бетімен жұмыс істеуін қамтамасыз етпейді. Ал шындығына келетін болсақ, дәл осы қасиеттер ғана маманның кәсіби әрекетке даярлығын сипаттап, оның сәттілігін қамтамасыз етіп, негізгі қасиеттердің бірі болып саналады.

Оқу іс-әрекеті барысында ұстаздар арнайы пәндерді оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, оқытудың жаңа технологияларын қолдануға тырысады. Белсенді оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері мен амалдарын пайдалану ынталанған, шығармашылық оқу атмосферасын құруға мүмкіндік беріп, оқыту, дамыту, тәрбие беру тапсырмаларының кешенін шешіп, студенттердің оқу-танымдық қызмет пен әрекетке деген қызығушы-лығын оятады [4].

Арнайы пәндер – бұл студенттің болашық маман ретінде қалыптасуы жүзеге асатын, мамандықтың негізін қалаушы пәндер. Белгілі бір сабақты құру үдерісі студенттің осы күрделі үдерісті басқаруына қажетті кәсіби білімдер мен оқытушының дидактикалық іс-әрекетін меңгеру бойынша алдағы оқу-танымдық қызметінің моделін құру болып саналады.

Сабақтың құрылымын ойластыру барысында, оқытушы, әлбетте, өзінің жинақтаған оқыту тәжірибесіне, өзінің педагогикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, болашақ сабақтың шығармашылық көрінісіне жүгінеді. Алайда жұмысқа деген осындай көзқарас үнемі тұрақты оң нәтижелерге әкеп соқпайды, сол себепті, оқытушы сабақтарды әзірлеу барысында арнайы

пән бойынша сабақтарды құрудың әдістемелік нұсқауларын қолдануы тиіс. Бүгінгі заманға сай сабақ тек құрамында біріншіден – ғылым мен озық педагогикалық тәжірибенің элементтері мен, екінші жағынан ұстаздың шығармашылық және ізденушілік әрекеті болғанда ғана іске асады.

Интерактивті оқыту – танымдық қызметті ұйымдастырудың арнайы түрі екендігін мойындауымыз керек. Оның нақты және болжамдалатын мақсаттары бар. Сондай мақсаттарының бірі – студент өзінің сәттілігін, өзінің зияткерлік әлділігін сезінетін, оқу үдерісін тиімді ететін оқытудың ыңғайлы жағдайларын жасау.

Интерактивті оқыту әдісінің мәні барлық үйренушілердің (студенттердің) таным үдерісіне толығымен кірісіп, ойлағандары мен білгендерін түсініп, рефлекстеп, жеткізе алатындай етіп ұйымдастыруында. Үйренушілердің білім (мағлұмат) алу барысында бірлесіп жұмыс істеуі, оқу материалын ұйғаруы әр қатысушының өзіндік жеке үлес қосуын, бір-бірімен білім, пікір алмасуын және өзіндік жұмыс істеу жолын көрсеткенін білдіреді. Бұл процесс жаңа білім алуға ғана емес, сонымен қатар білім үрдісін дамытып, оны жаңа бірлесу, яғни қарым-қатынас жолына түсіретін игілік және өзара қолдау жолдастық қалпында өтеді. Интерактив бір қатысушының басымдылығын, сонымен қатар бір адамның ойының басқа қатысушылардың пікірінен басымдылығын жоққа шығарады. Диалогты оқу барысында студенттер сын көзбен ойлауды, сәйкес информацияға және жағдайды талдауға салып, қиын мәселелерді шешуді, баламалы пікірлерді ойға салуды, оймен іс шешуді, додаларға қатысуды, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Бұл үшін сабақ кезінде индивидуалдық, жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылады, зерттеу жобалары, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттармен және басқа ақпарат көздерімен жұмыс жүргізіледі, шығармашылық жұмыстар қолданылады [2].

Тәжірибе жүзінде ең көп тараған инновациялық сабақ ойын элементтері іс-әрекет болып саналады. Бұл студенттерді максималды түрде қызықтырып, оларды ақпаратты адекватты түрде қабылдауларын дамытуға, өзінің, сонымен бірге басқа қатысушылардың жұмыстарын талдауға және тұлғалық қасиеттерін дамытуға септігін тигізеді. Ойын барысында студенттер материалды бекітіп және жалпылап қана қоймай, сонымен қатар өздері де сабаққа белсенді қатысуды, өзара және мұғаліммен қарым-қатынас жасауды үйренеді.

Оқудың теориялық сипаты мен тәжірибелік дағдылар арасындағы қайшылықтарды шешуге мүмкіндік беретін оқытудың тиімді әдістерінің бірі іскерлік ойын болып саналады. Іскерлік ойын – шарттарды орындаудың жаңа әдістерін іздестіру арқылы кәсіби іс-әрекеттің түрлі шарттарын модельдеу құралы. Бұл арнайы талқылау ережелерін қолдану арқылы, арнайы жұмыс тәсілдерінің көмегімен қатысушылардың шығармашылық белсенділіктерін ынталандыру арқылы, мысал үшін, «Ми шабуылы» әдісі арқылы қиын проблемалардың шешімін табуға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде, тиімді тілдесуді қамтамасыз етеді.

Педагогикалық дағдылар кезінде инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі олардың студенттерді жаңа білімдерді белсенді алу әдістеріне үйрететіндігі, жеке әлеуметтік белсенділіктің жоғары деңгейін меңгеруіне мүмкіндік беретіндігі, студенттер қалай болғанда да үйренетіндей ететін жағдайлар жасайтындығы, студенттердің шығармашылық мүмкіндіктерін ынталандыратындығы, оқуды күнделікті өмір іс-әрекетіне жақындатуына көмектесетіндігі, пән бойынша тек кәсіби біліктілікті ғана емес, сонымен қатар белсенді өмірлік ұстанымдарды қалыптастыратындығы дәлелденген.

Қазіргі оқытушы кез келген өзгерістерге дайын болуы керек. Сол себепті инновацияларға ашықтық тәрізді қасиет ол үшін үлкен маңыздылыққа ие бола бастайды. Ол оқу үдерісін жиі болып тұратын өзгерістерге сәйкес жобалай білуі керек.

Өзіне белгісіздік пен жаңалықтың жоғары дәрежесі тән, бұл жұмыс, алда өткен іс-әрекеттерді талдауды, проблемаларды анықтауды, жаңа мақсаттарды қойып, оларды айқындау мен нақтылауды, оларға қол жеткізудің тиімді әдістерін таңдауды, және нәтижелерді нақты бағалауды талап етеді.

Арнайы сабақ пәндері кәсіп бойынша білім алу үшін негізін қалаушы пәндер болып табылады. Сол себепті, студент неғұрлым сапалы білім алатын болса, оның біліктілігі соғұрлым жоғары болады.

Арнайы пәндер маманның, бакалавр мен магистрдің бағытын айқындайды. Оларды студенттердің тәжірибелік әрекетін таңдалған бағыт бойынша ұйымдастырумен байланыстырып оқыту жоғары сапалы мамандарды даярлау идеясын жүзеге асыруға бағытталған. Жоғары оқу мекемелеріндегі профильдік оқыту тұжырымдамасы мұғалімнің студенттерге – болашақ мамандарға зерттелетін салаға қатысты белгілі бір теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдылар көлемін беруден ғана емес, сонымен қатар оларды белсенді ғылыми-зерттеу әрекетіне тартудан тұрады.

Арнайы пәндерді оқыту болашақ кәсіби оқыту мұғалімдерін жеке-бағдарлы білім технологияларымен қамтамасыз ету мақсаттарына бағынуы тиіс, яғни студенттерді өз пәнін меңгеру барысында тұлғаны дамыту жағдайын құруға психологиялық және тәжірибелік дайын болуына дағдыландыру керек. Арнайы пәндерді оқыту барысында кәсіби-педагогикалық бағыттылық жеткілікті дәрежеде қамтамасыздандырылмаса, зерттеушілердің пайымдауынша, арнайы пәндер саласындағы білімдер мен дағдылар, әсіресе, студент жоғары оқу орнына мұғалімдік кәсіпке саналы уәждемесіз келген болса, өзіндік-педагогикалық міндеттерден алшақтатуы мүмкін.

Осы жерде, психологиялық-педагогикалық цикл пәндері болашақ мұғалімге тұлғаны қалыптастыру заңдылықтарын хабарлағанымен, оны жеткілікті дәрежеде сол құрылымды тәжірибеде жүзінде іске асыруына қажетті «құрылыс материалымен» жеткілікті шамада қамтамасыз ете алмайды.

«Арнайы пәндерді» психологиялық - педагогикалық дайындыққа қосу принципі бойынша оқыту болашақ кәсіби оқыту мұғалімінің педагогикалық тәжірибесін қалыптастыру саласында оның өндірістік технологиялармен «тілдесуіне» мүмкіндік бермейді [4].

Сонымен, арнайы пәндерді оқыту үдеріс ретінде педагогикалық білім беруге параллель, оқу мекемелерінің негізгі бағытымен – өзінің түлектерін кәсіби-педагогикалық қызметке психологиялық және тәжірибелік дайындығын қамтамасыз ету ісімен нашар байланыста өтеді деп тұжырымдауға болады.

Аталған кемшіліктерді жою үшін келесі теориялық және тәжірибелік міндеттерді орындау қажет:

- жеке - бағдарлы педагогикалық қызметке бітіруші түлектің тұтас дайындығындағы арнайы пәндердің орны мен функцияларын анықтау;
- осы пәнді оқыту мазмұны мен әдістеріне сәйкес өзгертулер енгізудің қажеттілігін, оның жалпы - кәсіби психологиялық-педагогикалық және арнайы пәндермен байланысын дәлелдеу.

Педагогикалық іс-әрекетке дайындық кәсіби оқыту мұғалімінің негізгі функцияларын тиімді орындауын қамтамасыз ететін бітіруші түлектің өзіне тән қасиеттерінің жүйесі болып саналады.

Зерттеулер арнайы пәндердің кәсіби-педагогикалық функциялары екі бағытта жүзеге асырылатындығын көрсетті:

- біріншіден, арнайы пәндерді меңгеру барысында болашақ кәсіби оқыту мұғалімінің санасында соңында өзінен тәлімалушылардың тұлғасын қалыптастырып, былайша айтқанда, «жасайтын» қоғамдық мәдениеттің бір элементтері сақталады. Осы жерде, психологиялық-педагогикалық цикл пәндері болашақ мұғалімге тұлғаны қалыптастыру заңдылықтарын хабарлағанымен, оны жеткілікті дәрежеде сол құрылымды тәжірибеде жүзінде іске асыруына қажетті «құрылыс материалымен» жеткілікті шамада қамтамасыз ете алмайды;

- екіншіден, арнайы пәндерді меңгеру болашақ кәсіби оқыту мұғалімінің педагогикалық ойлау қабілетін, тұлғаны дамытудың педагогикалық әсерінің жолдары мен құралдары туралы түсініктерін, оның адамгершілік жағын байытудың маңызды қоры болып саналады.

Арнайы пәндерді игеру барысында оның кәсіби оқыту мұғалімінің болашақ тәжірибелік қызметімен байланысы маңызды болып саналады. Осы уайым мен түсінікке толы ішкі байланыстың бойында студенттің осы пәндерді меңгеруге түрткі болатын мағына болуы тиіс.

Колледжде де, жоғары оқу орнында да арнайы пәндерді оқыту болашақ шебер мен кәсіби оқыту мұғалімінің кәсіби уәждемелерін нығайтуға, және тұлғаны дамыту жағдайын құру мақсатында олардың арнайы білімдерін қолдануына бағытталған.

Оқытудың жекетұлғалық дамыту функцияларын жүзеге асыру үшін, мұғалім белгілі-бір іскерлік дағдыларға ие болуы керек. Сол дағдылардың арасында төмендегілер маңызды болып саналады:

- студенттердің жеке функцияларының қалыптасу деңгейін анықтай білу;
- жеке таңдау, рефлексия функцияларын, өмірлік мәртебесіне қатысты проблемалар бойынша жеке және жауапты шешімдерді көрсетуге түрткі болатын белгілі-бір нақты студент үшін оқу іс-әрекетінің жағдайларын жобалай білу;
- жеке-дара білім беру әрекетін дамыту мақсатын ескере отырып, сабақтарды өткізу түрлерін, оқу тапсырмасын, студенттердің іс-әрекетінің түрлерін өзгертіп отыру;
- бірітіндеп білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар, адамгершілік қасиеттерін, көзқарастарын қызығушылықтары қалыптасатын оқыту жүйесін жоспарлау және өткізу;
- оқыту технологияларын (проблемалық, ақпараттық, иммитациялық ойын) шығармашылықпен қолдану, оқыту үдерісіне өз бетінше оқу элементтерін, оқыту үдерісінде студенттердің болашақ кәсіби еңбек әрекеттерінің жағдайын елестететін иммитациялық модельдеуді қосу және т.б.;
- мүмкіндіктері мен потенциалдары әртүрлі студенттер үшін жеке тәжірибе алудың ең тиімді көздерін анықтай білу [1].

Қорытынды

Сонымен, болашақ кәсіби оқыту ұстазын педагогикалық даярлаудың құрылымында арнайы білімдер мен дағдыларды (а) сол ұстаз оқушыларға «беретін» қоғамдық мәдениет аспектінің құрамы ретінде; б) оқушылардың оқу-танымдық, оқу-өндірістік, пәндік практикалық әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы оқыту-тәрбие беру тапсырмаларының құралы, «инструменті» ретінде маңызды рөл атқарады.

Студенттердің педагогикалық және кәсіби білім мен дағдыларды игерудегі жоғары дербестіктерін оятатын, зерттеу дағдыларын қалыптастыратын, өз бетінше білім алу қажеттіліктерін дамытатын, дамытушы және проблемалық оқытудың барлық белсенді, ғылыми, зерттеу әдістерін кешенді қолдану ең тиімді болатындығы зерттеулер барысында дәлелденген.

Сол себепті, интерактивті оқыту формаларын енгізу студенттердің дайындығын жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі болып саналады.

Әдебиеттер

1. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004.
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – А., 2008.
3. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007.
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

Адасханова А.Б., Кенбаева Г.К.

ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ

В статье рассмотрены основные подходы к использованию современных педагогических технологий при изучении специальных дисциплин в процессе подготовки будущих педагогов профессионального обучения. Обоснованы преимущества инновационного подхода по сравнению с традиционными формами подготовки студентов.

Ключевые слова: образование, высшие учебные заведения, студенты, инновационные технологии образования, мультимедийные средства и специальные предметы.

Adaskhanova A.B., Kenbaeva G.K.

FEATURES OF THE TEACHING OF SPECIAL DISCIPLINES IN THE PREPARATION OF FUTURE TEACHERS OF VOCATIONAL TRAINING

The issues of the day of introduction, development and use of innovative receptions and methods in the process of educating of students are exposed in the article. The analysis of front-rank and modern innovative tool that is used by the teachers of Institutions of higher education is conducted. Advantages of innovative approach are reasonable as compared to the traditional forms of preparation of students.

Keywords: education, higher education institutions, students, innovative education technology, multimedia and special items.